

Ленин жұл

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдері!

ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

№ 61 (7021) | Сәрсенбі 28 Март 1945 жыл | Шығуына 27-жыл
Жеңе саны 20 тыйын

Жоғарғы Бас қолбасшының БҰЙРЫҒЫ

2-Украин майданы әскерлерінің қолбасшысы
Советтер Одағының Маршалы МАЛИНОВСКИЙГЕ
Майдан штабының бастығы
Генерал-полковник ЗАХАРОВҚА

2-УКРАИН майданының әскерлері ҚАРПАТ өңіріндегі таулы-орманды жерлердің қиын жағдайында шабуыл жасай отырып, Чехословакияда жолдардың маңызды торабы және немістердің қорғанатын күшті тіректі бекінісі—БАНСКА БИСТРИЦА қаласын алды.

БАНСКА БИСТРИЦА қаласын алу ұрыстарында генерал-лейтенант ЖМАЧЕНКОНЫ, Румын Армиясының корпус генералы ДЭСКЭЛЕСКУДИ, генерал-майор РУМЯНЦЕВТИ, генерал-майор УМАНСКИЙДИ, полковник ПИГИННИ, полковник ПЕВЗНЕРДИ, полковник БОЧКОВТИ, полковник ЦАЛАЙДИ, полковник КАРНАЧЕВТИ, майор АЛЕКСАНДРОВТИ, майор КОЗЛЯКОВСКИЙДИ, майор ТОКАРЕВТИ, майор ОВЕЧКИНИ, капитан ДОЛЖЕНКОНЫ әскерлері; артиллерия генерал-майоры КӨРЕЦКИЙДИ, полковник НОВГОРОДСКИЙДИ, подполковник СМЫРНОВТИ, подполковник ЛИТВИНЕНКОНЫ, подполковник ВАСИЛЬВСКИЙДИ, подполковник ГУБЕНКОНЫ, подполковник ЯРГИННИ, майор ГЛУШЕНКОНЫ майор ШЕРБИННИ артиллерияшылары; полковник ТОКАРЕВТИ танкішілері; авиация генерал-майоры КАМАНИНИ, полковник САПРЫКИНИ, полковник СЕМЕНОВТИ, полковник СЕМЕНКОНЫ ұшқыштары; инженерлік әскерлердің генерал-майоры ПЕТРОВТИ, полковник БУДАРИНИ, саперлері; полковник ГОРЕЛКИНИ, подполковник ЛЯПИНИ байланысшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне БАНСКА БИСТРИЦА қаласын алу ұрыстарында өте-мөте көзге түскен құрамалар мен бөлімдер ордендермен наградтауға ұсынылсын.

Бүгін, 26 мартта, 21 сағатта Отанымыздың астанасы МОСКВА жүз жыйырма төрт зеңбіректен он екі дүркін артиллерия оғын атып, БАНСКА БИСТРИЦА қаласын алған 2-УКРАИН майданының айбынды әскерлеріне, оның ішінде корпус генералы ДЭСКЭЛЕСКУДИ басқаруындағы Румын Армиясының әскерлеріне Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

БАНСКА БИСТРИЦАНЫ азат ету ұрыстарына қатысқан Сіздердің басқаруларыңыздағы әскерлерге ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

Неміс басқыншыларға өлім келсін!

Жоғарғы Бас қолбасшы
Советтер Одағының Маршалы И. СТАЛИН.
1945 жылғы 26 март. № 310.

Жоғарғы Бас қолбасшының БҰЙРЫҒЫ

3-Украин майданы әскерлерінің қолбасшысы
Советтер Одағының Маршалы ТОЛБУХИНГЕ
Майдан штабының бастығы
Генерал-лейтенант ИВАНОВҚА

3-УКРАИН майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, бүгін, 26 мартта жолдардың ірі тораптары және Австрияның шекараларына қарай баратын жолдарға қамал болған немістердің қорғанатын күшті тіректі бекіністері—ПАПА және ДЕВЕЧЕР қалаларын алды.

ПАПА және ДЕВЕЧЕР қалаларын алу ұрыстарында генерал-полковник ГЛАГОЛЕВТИ, генерал-лейтенант МИРОНОВТИ, генерал-лейтенант ТИХОНОВТИ, генерал-майор РОЖДЕСТВЕНСКИЙДИ, генерал-майор СЕРЕГИНИ, генерал-майор ДЕНИСЕНКОНЫ, генерал-майор ИВАНОВТИ, генерал-майор БОГДАНОВТИ, полковник ЛАРИНИ, полковник СТЕПАНОВТИ әскерлері; артиллерия генерал-полковнигі НЕДЕЛИНИ, артиллерия генерал-майоры КАРЛИНИ, артиллерия генерал-майоры БРЕЖНЕВТИ, артиллерия генерал-майоры ГУСЕВТИ, артиллерия генерал-майоры ВЕЛИКОЛЕПОВТИ, артиллерия генерал-майоры ДАНЬШИННИ, подполковник ЖИБУЦКИЙДИ артиллерияшылары; танк әскерлерінің генерал-полковнигі КРАВЧЕНКОНЫ, танк әскерлерінің генерал-лейтенанты ВОЛКОВТИ, танк әскерлерінің генерал-майоры ПАВЕЛКИНИ, танк әскерлерінің генерал-майоры ШТРОМБЕРГТИ, танк әскерлерінің генерал-майоры САВЕЛЬЕВТИ, полковник МИХОНОВТИ, полковник СЕЛЕЗНЕВТИ, полковник ВОРОНОВТИ, полковник ЖИЛИНИ, полковник БЕЛОГЛАЗОВТИ, подполковник ОВЧАРОВТИ, полковник ОБЛАДЕНКОНЫ, полковник САХАРОВТИ, полковник ОСТАПЕНКОНЫ, подполковник СОРОЧИНСКИЙДИ, танкішілері; авиация генерал-полковнигі СУДЕЦТИ, авиация генерал-лейтенанты ТОЛСТИКОВТИ, авиация генерал-майоры ТИШЕНКОНЫ, полковник СМЫРНОВТИ, полковник ИВАНОВТИ, полковник ТЕРЕХОВТИ, подполковник ШАТИЛИНИНИ ұшқыштары; полковник ВОДОВАТОВТИ, полковник ФАДЕЕВТИ саперлері; байланыс әскерлерінің генерал-лейтенанты КОРОЛЕВТИ байланысшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне ПАПА және ДЕВЕЧЕР қалаларын алу ұрыстарында өте-мөте көзге түскен құрамалар мен бөлімдер ордендермен наградтауға ұсынылсын.

Бүгін, 26 мартта, 22 сағатта Отанымыздың астанасы МОСКВА жүз жыйырма төрт зеңбіректен он екі дүркін артиллерия оғын атып, аталған қалаларды алған 3-УКРАИН майданының айбынды әскерлеріне Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

ПАПА және ДЕВЕЧЕР қалаларын алу ұрыстарына қатысқан Сіздердің басқаруларыңыздағы әскерлерге ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

Неміс басқыншыларға өлім келсін!

Жоғарғы Бас қолбасшы
Советтер Одағының Маршалы И. СТАЛИН.
1945 жылғы 26 март. № 311.

2-УКРАИН майданының әскерлері жолдардың маңызды торабы және немістердің қорғанатын күшті тіректі бекінісі—БАНСКА БИСТРИЦА қаласын алды.

3-УКРАИН майданының әскерлері жолдардың ірі тораптары және немістердің қорғанатын күшті тіректі бекіністері—ПАПА, ДЕВЕЧЕР қалаларын алды.

Батыр Қызыл Армияның даңқы арта берсін!

ССРО Халық Комиссарлары Советінен, ССРО Отан Қорғау Халық Комиссариатынан және БК(б)П Орталық Комитетінен

ССРО Халық Комиссарлары Советі, ССРО Отан Қорғау Халық Комиссариаты және БК(б)П Орталық Комитеті Жоғарғы соғыс академиясының бастығы, большевиктік партияның адал ұлы және Қызыл Армияның таңдаулы басшыларының бірі—Советтер Одағының Маршалы Б. М. ШАПОШНИКОВТИ ұзаққа созылған қатты аурудан кейін, 26 мартта қайтыс болғанын қатты қайғырып хабарлайды.

Мемлекетіміз Қызыл Армияның ең қарт және көрнекті қолбасшыларының бірі—Шапошников жолдастан айырылды.

Советтер Одағының Маршалы Б. М. Шапошников Москва қаласында жерленеді. Жерлеу шығынын мемлекет көтереді.

Советтер Одағының Маршалы Б. М. Шапошниковты мәңгі есте қалдыру үшін Москва қаласында оған ескерткіш орнатылады.

Б. М. Шапошников

Қызыл Армияның ең қарт және көрнекті қолбасшыларының бірі—Жоғарғы соғыс академиясының бастығы, БК(б)П Орталық Комитеті мүшесінің кандидаты және ССРО Жоғарғы Советінің депутаты Советтер Одағының Маршалы Б. М. Шапошников ұзаққа созылған қатты аурудан кейін, осы жылғы 26 мартта қайтыс болды.

Шапошников жолдас байырғы Орыс Армиясының Қызыл Армияға қосылған тұңғыш әскери басшыларының бірі. Ірі әскери басшы Шапошников жолдас Қызыл Армия құрылған күннен бастап, өзінің барлық білімі мен тәжірибесін Советтер Одағының қарулы күштерін ұйымдастырып, құру және оны нығайту ісіне жұмсады.

Шапошников жолдас Қызыл Армия қатарында жауапты қызметтер атқарды: бір талай соғыс округтері әскерлерінің қолбасшысы, соғыс академиясының бастығы, Қызыл Армияның бас штабының бастығы, Отан Қорғау Халық Комиссарының орынбасары, ал соңғы кезде Жоғарғы соғыс академиясының бастығы болып қызмет етті.

Шапошников жолдас өзінің көп уақыт қызмет істеуі кезінде басшы кадрлар дайындап, оларды тәрбиелеуде Қызыл Армияның жауынгерлік қуатын жетілдіре беру үшін үздіксіз жұмыс істеді, сөйтіп Қызыл Армияны Социалистік Отанымызды қорғауға әзірледі.

Шапошников жолдасның неміс-фашист басқыншыларға қарсы күрестегі Қызыл Армияның тамаша жеңістеріне көп уақыт бойы қызмет етіп қосқан творчестволық үлесі аз емес.

Шапошников жолдасның жемісті жұмысы үшін Совет үкметі оған сан рет наградқа ордендер берді: Шапошников жолдас үш Ленин орденімен, екі Қызыл ту орденімен, I-дәрежелі Суворов орденімен, екі Қызыл Жұлдыз орденімен наградталды.

Партиямыздың адал ұлы Шапошников жолдас өмірінің ең соңғы минутине дейін Ленин-Сталин партиясы ісіне жан-тәнімен берілді және Отанымыздың асқан патриоты екенін көрсетті.

Шапошников жолдасның бейнесі совет халқының жүрегінде мәңгі сақталады.

Сталин, Жуков, Василевский, Ворошилов, Тимашенко, Буденный, Булганин, Шербаков, Антонов, Мерецков, Говоров, Баграмян, Рокоссовский, Конев, Петров, Еременко, Малиновский, Толбухин, Маслеников, Тюленев, Пуркаев, М. П. Ковалев, Артемьев, Воронцов, Хрулев, Яковлев, Федоренко, Новиков, Воробьев, Пересыпкин, Штеменко, Голиков, Сморodin, Мордвинов, Калинин, Чибисов, Филичин, Давыдов, Пухов, Оливский, Петухов, Муравьев, Ковалев, Соколов-Соколенко

Х А Б А Р

Советтер Одағының Маршалы Б. М. Шапошниковты жерлеу үшін комиссия құрылды, комиссияның қатарында Ф. И. Голыков, А. Ф. Горкин, Г. М. Попов және В. К. Мордвинов жолдастар бар.

ҚЛКЖО Орталық Комитетінің кезекті IX пленумы туралы хабар

1945 жылғы 16—20 мартта комсомолдың облыстық, қалалық, аудандық комитеттері мен бастауыш комсомол ұйымдары секретарьларының қатысуымен ҚЛКЖО Орталық Комитетінің кезекті IX пленумы болып өтті.

Пленум мына мәселелерді талқылады:
1. ҚЛКЖО Орталық Комитеті ХІІІ пленумының «Комсомол ұйымдарының жастар арасындағы саяси-тәрбие жұмысын жақсарту туралы» қаулысын жүзеге асыру жөнінде—баяндамашы ҚЛКЖО Орталық Комитетінің секретарі К. Жармағамбетов жолдас.

2. 1945 жылы ауыл-село жастары арасындағы социалистік жарысқа басшылық

ты жақсарту туралы—баяндамашы ҚЛКЖО Орталық Комитетінің секретарі А. С. Федулин жолдас.

Талқыланған мәселелер бойынша тиісті қарарлар қабылданды.

Пленумның жұмысына Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің секретарьлары Шаяхметов, Қойшығұлов, ҚК(б)П Орталық Комитеті секретарінің мал шаруашылығы жөніндегі орынбасары Т. Шахшин жолдастар қатысты.

Пленумның қортындысында ҚК(б)П Орталық Комитетінің секретарі Шаяхметов жолдас республика комсомол ұйымының міндеттері туралы сөз сөйледі.

Совет Хабаршы бюросынан

26 МАРТТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

26 мартта 3-БЕЛОРУС майданының әскерлері КЕНИГСБЕРГТИҢ батыс жағында ФРИШ ГАФ қолтығының жағалауындағы дұшпанның әскер тобын жоюды аяқтады, сөйтіп ГРОСС-ХОНПЕНБУРХ, РАЙШЕНХОВ, ДОЙШ БАНАУ қыстақтары мен РО-ЗЕНБЕРГ портын алып, дұшпанның талқандалған әскер бөлімдерінің қалдықтарын ҚАНДХАЛЬЦЕР-ХАКЕН мүйісі ауданына қарай қуып тастады. Алдың ала мәліметтер бойынша, 26 марттағы ұрыстарда бұл ауданда майдан әскерлері немістердің 21 мыңнан аса солдатты мен офицерін қолға түсірді.

ГДАНСКІ (ДАНЦИГ) бағытында әскерлеріміз шабуыл жасай отырып, ПРАУС-ТЕР-ПФАРДОРФ, ГРОСС ЛЯНД, АЛЬБРЕХТ, ПФАРДОРФ, МАТЦКАУ, ШЕН-ФЕЛЬД, ЦАНКЕНЦИН, ШЮДДЕЛЬКАУ, ВОННЕБЕРГ, ХЕЛЫЕ (Гданьскінің (Данциг) батыс жағында 2 километр жерде), НЕНКАУ, МИГГАУ, ПЕЛОКЕН, КЕНИГС-ХОФ, қыстақтарын алды. 25 марттағы ұрыстарда бұл ауданда немістердің 1800ден аса солдатты мен офицерін қолға түсірді.

2-УКРАИН майданының әскерлері КАРПАТ өңіріндегі таулы-орманды жерлердің қиын жағдайында шабуыл жасай отырып, Чехословакияда, жолдардың маңызы торабы және немістердің қорғалатын күшті тіректі бекінісі—БАНСКА БИСТРИЦА қаласын алды, сол сияқты 50ден аса елді жерлерді, оның ішінде ГОРНИЦ, ДЕ-ГОТА-ЯСЕНЕ, РАБЛОЖКА, ПОДКОНИЦЕ, ПРИХОД, СЕЛЦЕ, САСОВО, СКУ-БИН, МАЛАХОВ, РАКИТОВЦЕ, ТУРОВА, БУДЧА қыстақтары мен ВЛКАНОВА, РАДВАНЬ, СЛОВАЦКА, ЛЮПЧА, ЛУЧАТИН, ЗАМОСТЬЕ, ПОДБРЕЗОВА темір жол станцияларын алды.

25 мартта майдан әскерлері дұшпанның 1000нан аса солдатты мен офицерін қолға түсірді.

3-УКРАИН майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, 26 мартта, жолдардың ірі тораптары және Австрияның шекараларына қарай баратын жолдарға қамал болған немістердің қорғанысын күшті тіректі бекіністері—ПАПА және ДЕВЕЧЕР қалаларын алды, сол сияқты 100ден аса елді жерлерді, оның ішінде БАКОНЬПОТЕРД, ЛО-ВАСНАТОНА, ВАНЬОЛА, КУП, НОСЛОП, ДОБА, ШИМЛОВЕЧА, ШИМЛОВА-ШАРХЕЛ, ПАДРАГ, НАДЬВАЖОНЬ, ВА СЕЛЬ, БАЛАТОНУДВАРИ, ОРВЕНЬЕШ, ОСЕФО, ТИГАНЬ үлкен қыстақтары мен ЛАЗИ, РОМАНД, БАКОНЬ, ТАМАШИ, ПА-ГАТЕСЕР, НАЛЬДИМОТ, АЙКА темір жол станцияларын алды.

Майданның басқа учаскелерінде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды және барлау жүргізілді.

25 мартта барлық майдандарда немістердің 180 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі қыйратылды, жойылды. Әуе ұрыстарында және зеңит зеңбіректерімен дұшпанның 37 самолёты атып түсірілді.

АВИАЦИЯМЫЗДЫҢ ГДАНСКІГЕ (ДАНЦИГКЕ) ШАБУЫЛЫ

26 мартқа қараған түнде ауыр бомбашылармыз дұшпанның Гданьскідегі (Данцигтегі) соғыс орындарына еселеп соққы берді. Бомбалау нәтижесінде Гданьскі (Данциг) темір жол торабы мен портында үлкен өрт тор шығып, күшті взрывтар болды. Жау-дың мұнай қоймалары, темір жол составтары және дұшпанның портта тұрған транспорттары өртелді.

26 мартта күні бойы бомбашыларымыз Гданьскі (Данциг) қаласы мен портына соққы беруде болды.

Кенигсбергтің оңтүстік-батыс жағында 3-Белорус майданының әскерлері дұшпанның әскер тобын жоюды аяқтай отырып, жауды Фриш-Гаф қолтығының жағалауына қарай тықсырды. Совет бөлімдері Банау өзенінен өтті, сөйтіп немістердің қарсылығын жеңді де Дайш, Банау қыстақтарын алды. Әскерлеріміз табысты дамыта отырып, Розенберг портын алды, сөйтіп немістерді батықты мүйіске қарай қуып тастады. Ұрыс болған жерде гитлершілдердің өліктері жайрап қалды. Дұшпан көптеген қару-жарақтары мен соғыс жабдығын тастап, тоғыздай кері шегінуде. Әскерлеріміз жаудан көп олжа, оның ішінде көптеген танк пен бронетранспортер, жүздеген дала зеңбірегі, бірнеше мың автомашина, 53 паровоз, 1380 темір жол вагоны, ок-дәбі және соғыс мүлкі қойған 57 склад қолға түсірді.

Алдың-ала мәліметтер бойынша, 26 марттағы ұрыстарда майдан әскерлері немістердің 21 мыңнан аса солдатты мен офицерін қолға түсірді. Дұшпанның талқандалған

бөлімдерінің солдаттары мен офицерлері қарсылық көрсетуді тоқтатып, қару тастауда. Жаудан қолға түсірілген адамдардың саны барған сайын көбейуде.

2-Украин майданының әскерлері Карпат өңірінде шабуыл жасауда болды. Дұшпан тауларда салынған қорғану бекіністеріне сүйене отырып, Эволен қаласының солтүстік жағында, Грон өзенінің сол жақ жағалауындағы өздерінің табан тірейтін шептерінен айырылып қалмауға тырысты. Немістердің бұл учаскелері қарсылық көрсету орталығы Грон өзенінің екі бірдей жағындағы жолдардың маңызды торабы—Банска Бистрица қаласы болды. Әскерлеріміз Банска Бистрицаның шығыс жақ бөлігіне шығып, қаланың шет аймақтарында ұрыс бастады. Мұнымен қатар, жақын арада Грон өзенінің оңжақ жағалауындағы табан тірейтін шепті алған екінші бір бөлімдеріміз қалаға оңтүстік жақтан қамал болған Радвань селосын алды. Дұшпанның жаяу әскерлері өздігінен жүретін зеңбірек

терінің көмегімен әлде неше рет қарсы атака жасады. Жауынгерлеріміз немістерді кері қуып тастады, сөйтіп орағыта әдіс жасап, Банска Бистрицаның көшелеріне басып кірді. Гитлершілдер қорғану үшін жабдықталған тас үйлерге бекінді. Совет бөлімдері шабуылшы топтарға бөлініп қыймыл жасады да жаудың қарсылық көрсету тораптарын талқандады, сөйтіп немістердің Грон өзені бойындағы қорғанатын күшті тіректі бекінісі—Банска Бистрица қаласын алды. Жаудан көптеген қару-жарақ пен соғыс жабдығы қолға түсірілді.

3-Украин майданының әскерлері шабуылды ойдағыдай дамытты. Совет танктері мен жаяу әскерлері жауға қауырт соққы беріп, дұшпанды аралық шептерден қуып шығаруда, сөйтіп оның қолайлы шептерге бекінуіне мүмкіншілік бермеуде. Әскерлеріміз кең байтақ орманды алаңды жаудан тазартып, Пдла қаласы үшін ұрыстар бастады. Немістер жолдардың бұл маңызды торабы және Австрияның шекараларына қарай баратын жолдарға қамал болған күшті тіректі бекіністен жанталаса, айырылып қалмауға тырысты. Совет бөлімдері орағыта әдіс жасап жаудың гарнизонының кері шегінетін жолдарын кесіп өтті. Түнде әскерлеріміз кескілескен көше ұрыстары нәтижесінде, Венгрияның Австрия-Венгрия шекарасынан 50—60 километр жердегі өнер кәсіп орталығы—Папа қаласын алды. Қане Бароньел қаласын алған екінші бір бөлімдеріміз темір жол бойымен батысқа қарай жедел алға басып, немістерді Девечер қаласынан түріп шығарды. Балатон көлінің солтүстік-батыс жағалауы бойымен шабуыл жасаушы совет бөлімдері Тигань түбегін қорғап тұрған жаудың бөлімшелерінің кері шегінетін жолдарын кесіп өтіп, оларды жойып жіберді. Күн тәулігі ішінде бірнеше ондаған гитлершілдер жойылып, дұшпанның 45 танкі мен 43 бронетранспортері қыйратылды, өртелді.

Совет жауынгерлері неміс басқыншыларға қарсы ұрыстарда батырлық пен ерліктің үлгісін көрсетуде. Гвардия қызыл әскері Чеснов бір ұрыста 7 гитлершілді жер жастаптып, жаудан танкке қарсы алатын зеңбірек қолға түсірді. Батыр жауынгер зеңбіректі дереу жауға қарай бұрып, одан нәсерлерге оқ жаудырды, сөйтіп немістердің өздігінен жүретін зеңбірегін өртелді. Гвардия қызыл әскері Гусакевич қолма-қол айкаста немістердің бір офицері мен 3 солдатты өлтіріп, бұдан соң танкке қарсы граната лақтырды да дұшпанның броне-транспорттерін қыйратты. Аға лейтенант Осиповтың өздігінен жүретін зеңбіректер батареясы жаудың колоннасын талқандап, немістердің бір танкі мен 8 автомашинасын өртелді. Сөйтіп бір роталық гитлершілдерді жойып жіберді. Гвардия капитаны Василенконың басқаруындағы батареяның артиллерияшылары жаудың қарсы атакасына тойтара отырып, дұшпанның 3 танкі мен 4 бронетранспортерін қыйратты.

дың ноябрь айында олар ССРО МОПР Орталық Комитетінің есебіне 1000 сом қаржы жіберді. Мұнда Февраль айында болып өткен жыйлыста МОПР күніне дейін тағыда 1000 сом жіберуге қарар қабылданды. Шынында отаншыл әйелдер бұл міндеттемелерін қазірдің өзінде орындап отыр.

Сукова және Кириченко сияқты белсенділер отан үшін қан төккен жауынгерлерге зор қамқорлық жасауда. Олар көзінен айырылған жауынгерлер оқийтын мектеп оқушыларына арнап сауық кешін ұйымдастырды. Отан соғысының мүгедектері бұл қамқорлыққа өте разы болғандықтарын білдірді. Қазір бұлар екінші бір жерде сауық кешін ұйымдастыруға дайындалып жатыр.

Мамлют және Петропавл аудандарындағы МОПР ұйымдары ойдағыдай жұмыс істеудің нелер үлгісін көрсетуде. Мопршы колхозшылар, панасыз балаларға көмек қорына 3—5 еңбеккүн және көптеген азық-түлік бөлді.

Облысымыздың МОПР ұйымдастырушылары батыр Қызыл Армияға үлкен қолғабыс тигізуде. Олар соғыс кезінде «Қазақстан МОПРы» атты танк колоннасын құруға 300 мың сом қаржы жыйнады. Мопршылар жыйнаған қаржыға истребитель самолёт жасалды. МОПРдың облыстық комитеті және жекелеген ұйымдар майданшы жауынгерлерге 2 мыңнан аса

ӨНЕРКӘСІП ОРЫНДАРЫНДА СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫС

Жаңа табыстарға жету үшін күш жұмсауда

Петропавлдағы теміржол бөлімінің паровозшылары аяқөздіктердің шақыруына өндірістік жаңа табыстарға жетумен жауап беру үшін күш-қайрат жұмсауда. Пусқаушы машинашы Евченко жолдастың басқаруындағы паровоз колоннасының мүшелері жұмыстан бос уақытта үш паровоз жөндеп шығарды.

Паровоз депосындағы электр цехінің жұмысшылары қажырлы еңбек істеуде. Олар республикамыздың даңқты мерекесі атындағы социалистік жарысқа жаншай ұштасып, март айының өндірістік жоспарын 120 процент орындауға міндеттенген еді. Олар бұл міндеттемелерін орындау үшін жұмыс уақытымен санаспай еңбек істеу нәтижесінде март айының өндірістік жоспарын едәуір артығымен орындады. Коллектив мүшелері өздерінің негізгі жұмыстарынан бос уақыттарында екі паровозға жетерлік электр жабдықтарын жөндеді.

Әбзел жасайтын цехтың комсомол мүшелері мен жастары стахановтық вахтаға тұрып, күнделік жұмыс мөлшерін үнемі 120—150 процентке дейін орындауға жетісті. Мереке атындағы социалистік жарыста Розанов жолдастың басқаруындағы комсомол-жастар сменасы тамаша табыстарға ие болды.

М. ЕРҒАЛИЕВ.

Мерекені зор табыстармен қарсы алу үшін күрес

Петропавлдағы темекі фабрикасының коллективі республикамыздың 25 жылдығы атындағы социалистік жарысқа жаншай ұштасып, даңқты мерекеге дейін 10 айлық өндіріс жоспарын 105 процент орындауға міндеттенді. Өздерінің бұл міндеттемелерін мұатіксіз орындау үшін кәсір фабрика коллективі күш-қайрат жұмсауда.

Махорка өндіретін цехтың жұмысшылары март айының 20 күндік өндіріс жоспарын 124 процент орындап, фабрикада бірінші орынға ие болды.

Қазір коллектив республикамыздың 25 жылдық мерекесін өндірістік табыстармен қарсы алу үшін күресуде.

Е. МАЛАЕВ.

ПАНАСЫЗ БАЛАЛАРҒА АНАЛЫҚ ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАСАЙЫҚ

Неміс басқыншылар жаулап алған жерлерде балаларымыз зор қиыншылықтарға кездесті. Көптеген балалар аштықтан және аурудан олат болды. Мыңдаған балалар мен қыздарды Гитлершіл жауыздар атып, дараға асып өлтірді немесе тірідей жерге көмді. Ой мыңдаған балалар өздерінің ата-аналарынан айрылып, панасыз қалды.

Отанымыздың болашағы—жас балалардың осындай жағдайға кездесуі себепті панасыз балаларға қамқорлық жасау—МОПР ұйымдарының тән ісі. Бұл ерікті істі облысымыздағы өнеркәсіп орындарының, колхоз, совхоздармен МТСтардың МОПР ұйымдары абыроймен атқарып келеді.

Соғыс жылдарында облысымыздың мопршылары панасыз балаларға көмек қорына 200 мың сом қаржы, көптеген киім-кешек, азық-түлік картоф және омыс жыйнады. Бұл игілікті іске қалалық қолөнершілер одағының қарауындағы «Екінді», Сталин атындағы, «Химпром» тағы басқа қолөнершілер артельдерінің коллективтері белсене қатынасты. Бұларда әрбір еңбекші панасыз балаларға көмек қорына өздерінің бір күнді еңбек ақысын бөлді, ал «Екінді» артельдің

мопршылары 20 пар аяқ киім тігіп, оны Мамлют ауданындағы Шучун балалар үйіне тапсырды. Қызыл Армияның 27 жылдығы күні осы артельдің мопршылары көзінен айырылған жауынгерлер оқийтын мектеп оқушыларына бағалы сыйлықтар берді.

Булдаков жолдас басқарған МОПР ұйымы күн сайын өсіп шығауда. Бұл ұйымның мүшелері панасыздарға көмек қорына 2 жарым мың сомнан аса қаржы жыйнады. Шумов жолдас МОПР ұйымдастырушысы болып істейтін заводта МОПР мүшелерінің саны 500ге жетті. Олар панасыз балаларға көмек көрсету қорына арнап, 5000 сом ақша тапсырды. Вегутова жолдас басқарған МОПР ұйымы көмек қорына 3000 сом ақша берді.

Данилова жолдас басқарған МОПР ұйымы белсенділігімен жұмыс істеуде. Мұнда әсіресе үй шаруашылығындағы әйел Коклягина жолдас бастаған отаншыл әйелдер зор белсенділік көрсетіп жүр. Бұл отаншылдар панасыз балаларға нелер көмек көрсетуде. Олар өз күштерімен омыс егеді, жыйы-жыйы көркем өнер кешін ұйымдастырады, сөйтіп одан тұскен қаржыны майданшылардың балаларына көмек қорына тапсырады. 1944 жыл-

Е. ШУМОВА,
МОПР облыстық комитетінің председателі.

Еңбекшілердің тұрмысындағы мәдениетін көтерейік

Жуырда Петропавл қаласының Өнер-кәсіп аудандық совет қызметкерлері активінің жыйылысы болып өтті. Жыйылыста аудандық еңбекшілерінің тұрмысында мәдениетті көтеру жолындағы міндеттер туралы аудандық совет атқару комитетінің председатели Журавлев жолдас баяндама жасады.

«Қазақ ССР Халық Комиссарлары советі мен ҚК(б)П Орталық Комитеті республикамыздың еңбекшілері алдына,—деді баяндамашы,— Қазақ ССР құрылуының 25 жылдығына байланысты социалистік жарыс ұйымдастыру міндетін қойды. Бұл міндет біздің ауданымыздың партия, совет және комсомол ұйымдарына да ортақ. Демек, қалың бұхара тұрмысында мәдениетті көтеру—әрбір совет қызметкерінің ардақты борышы.

Бірақ, біз әлі де болса бұл сияқты аса маңызды іске жете көңіл бөлмей келеміз. Бірсыпыра кәсіп орындарында саяси-ағарту мекемелері қызмет істемейді. Клуб-тәр мен мектептердің жұмысына көмек көрсетілмейді. Соның салдарынан, олар мәдениет орталығы болып алмай отыр. Ауданымызда 300ден аса сауатсыздар мен шала сауатты адамдар болып тұрса да, сауаттандыру мектебі әлі ұйымдастырылмай келеді. Бұл жөнінде әсіресе Калинин атындағы қазақ орта мектебі мұндай жұмыс істей алмай отыр. Тіпті, мектептің өзінің ішкі көрінісі мәдениетсіз деуге болады. Соңғы тексерісте бұл мектептің едені айында бір рет ғана жуылатыны, интернатта оқытын оқушылардың төсек-орындары кір екендігі анықталды. Ал, Вольшаков, Анохин жолдастар басқарған кәсіп орындарына қызмет істейтін орындардың тәртіпке келтірілмегендігі, цехтардың уақытында ағартылмайтындығы анықталды.

Бұдан кейін баяндамашы емдеу орындарының жұмысын айтып аудандық еңбекшілерінің үй тұрмысындағы тазалықтарына тоқталды.

Баяндама бойынша 13 адам сөз сөйледі. Жыйылыста сөз сөйлеген Карданов, Карбовичная, Ивандовский, Жельцов, Кириллов тағы басқа жолдастар қаланы оңдау, еңбекшілердің тұрмысындағы мәдениетті көтеру, көшелерді тазарту ісіндегі

кемшіліктерге тоқтала келіп, бірсыпыра кәсіп орындарының цехтарында тазалықтың жоқ екендігін айтты.

—Біз,—деді Кириллов жолдас,—мәдениет жөнінде жалғыз бйыл ғана мәселе көтеріп жүргеніміз жоқ. Бұл жыл сайын қолға алынады да өзгеріссіз қалады. Мәселен, өткен жылы аудандық атқару комитеті Ленин атындағы көшені жақсарту ісін қолға алды. Бұл көшеге ағаштар егу жөнінде нақтылы шаралар белгіленген қарар қабылданды, міне, сол кезде де Журавлев жолдас бүгінгі баяндамадағы айтқаны сияқты бір неше фактілер келтірген болатын. Ама! не, Журавлев жолдас оңдағы әдемі сөздерінен ешбір қорытынды шықпады. Бүгінгі жыйылыс ол сияқты жағдайлардан аулақ болуы керек.

—Осында,—деді Жельцов жолдас,—аудандық ден саулық сақтау бөлімінің меңгерушісі Карбовичная жолдас еңбекшілердің мәдениетін көтеру жөнінде тазалық сақтау ережелеріне көбірек тоқталды. Суықтан және дымқылдықтан қандай аурулар пайда болатындығын айтты. Бірақ, Карбовичная жолдас ден саулық сақтау жөнінде нақтылы істелген жұмыс тарға тоқталмады. Мұның өзі аудандық ден саулық сақтау бөлімінің айтарлықтай жұмыс істей алмағандығын көрсетеді. Кәсіп орындарында дорігерлік үйірмелер жоқ. Көптеген қызмет үстінде ауырған жұмысшыларға жедел жәрдем көрсетілмейді. Еңбекшілердің үйлеріне барып, олардың тазалығын бақылау, ауырған адамдарға уақтылы жәрдем көрсету ісі мүлде жүргізілмейді.

Жыйылыста ҚК(б)П қалалық комитетінің секретарі Филатов жолдас сөз сөйлеп, партия, совет және комсомол ұйымдарының алдына аудандық еңбекшілерінің тұрмысындағы мәдениетті жақсарту, майданшылардың үй-іштеріне нақтылы көмек көрсету, сөйтіп, олардың сауатсыздығын жою міндеттерін қойды.

Жыйылыста болған кемшіліктерді дереу жойып, заводтар мен фабрикалардың мекемелердің және еңбекшілердің үй тұрмысындағы мәдениетті жақсарту жөнінде нақтылы шаралар белгіленген қаулы қабылданды.

Бұхара арасында көпшілік жұмысы кеңінен өрістетілсін

Партия басшылығы неғұрлым жақсартамыз жерде түрлі науқандардың көшеуілдеуі, еңбек тәртібінің бұзылуы қоғам мүлкінің талан-таражға түсуі мүмкін емес. Бірақ, Преснов ауданындағы «Орталық» колхозының бастауыш партия ұйымында (секретарі Жұсыпов жолдас) істің жәйі басқаша. Бұл ұйымда партияның 7 мүшесі және 4 кандидат бар. Колхоз өндірісінде қажірлі еңбек істен жүрген 20 комсомол мүшесі бар. Ал, осыныша ма күші бар партия ұйымының жұмысы мүлде қанағаттанғысыз. Ең алдымен үгіт жұмысы жүргізілмейді. Бүгінге дейін Алматы облысының Калинин атындағы колхозы колхозшыларының үндеуі және Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің «Қазақ ССР

құрылуының 25 жылдығына байланысты социалистік жарыс ұйымдастыру туралы» қаулысы бұхараға түсіндіріліп, колхозшылар арасында талқыланған жоқ. Егін бригадалары мен звено мүшелері арасында социалистік жарыс ұйымдастыру жөнінде аудандық партия комитеті тарапынан бірнеше рет ескертілсе де істің сарыны бұрынғыша жүргізіліп келеді. Қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктар уақытылы шығарылмайды. Тіпті жыл басынан бері партия жыйынысы бір рет ғана өткізілген.

Ендігі жерде партия ұйымының басшылары бұл сияқты елеулі кемшіліктерді дереу жойып, бұхара арасында үгіт-көпшілік жұмыстарын жақсартулары хажет.

Ж. МҰЗАПАРОВ.

ҮГІТШІЛЕР ТОВАРЫ ҚҰРЫЛДЫ

Петропавл қаласының Орталық аудандық партия комитетінің үгіт-нәсихат бөлімі үй шаруашылығындағы әйелдер арасында мәдени-көпшілік жұмыстарын жүргізу жөнінде едәуір жұмыстар істеді. Бұл жөнінде ауданда 288 адамнан үгітшілердің 43 тобы ұйымдастырылды. Олар қазір ден бастап жұмысқа білек сыбана кірісті. Үгітшілер тағайындалған учаскелерінде

күн сайын кемелер көсеміміз Сталин жолдастың осы жылғы 23 Февральдағы бұйрығы мен халық аралық жағдай туралы әңгімелер өткізіп, лекциялар оқыды.

Әр апта сайын үгітшілердің мәслихаттары өткізіліп, онда істеген жұмыстар қорытылады.

С. БЕГІШЕВ.

ЕГІСКЕ ӨЗІРЛІКТЕГІ КЕМШІЛІКТЕР ІС ҮСТІНДЕ ЖОЙЫЛСЫН

Вильямс атындағы колхоз егіске өзір емес

Март айының бас кезі еді. Мамлют ауданының Вильямс атындағы колхозының председатели Конкин жолдас, аудандық жер бөліміне келіп егіске өзірлік жөнінде мәлімет тапсырды.

—Егіске өзірміз,—деді ол,—күннің көзі қылт етсе—ақ жұмысқа тап бергелі, соқаға шап бергелі отырмыз.

Конкин жолдасқа жер бөліміндегілер осы жердің өзінде-ақ разы болып қалды. Тіпті жер бөлімінің меңгерушісі Константинов жолдас, Конкинді «қаблетті басшы» ретінде қабылдап, оның қолын қысып, құрмет көрсетті.

Бұл артынан күн өтіп жатты. Конкин «дайындығына», ал жер бөліміндегілер оның өз қолымен аяқтан «мәліметіне» сеніп жүре берді.

Көктем таянды. Колхоздың егіске өзірлігін жаншай байқау басталды. Вильямс атындағы колхозға МТС-тан және «Красная заря» колхозынан комиссия келді. Конкин уақытын бесқа өткізгенін, жер бөлімін алдаймын деп, өзінің қиын жағдайда қалғанын сонда ғана сезгендей болды. Өйткені комиссия егіске өзірлікте көп кемшіліктер болғанын анықтады.

Қорытып айтқанда, Вильямс атындағы колхоз егіске өзір емес. Мұнда 270 центнер, оның ішінде 255 центнер бидай және 15 центнер арпа тұқымы жетпейді. Ал қолда бар тұқым тазартылып, егістік санаға жеткізілген жоқ, тұқымның сақталуы да нашар. Сарайдағы бидай өсінің тесігінен жерге құйылып жатыр.

Колхозда ауыл шаруашылық машиналары мен құрал-саймандарын жөндеу жұмысы мүлде қолға да алынбаған. Екі

тілді 7 соқаның біреуі ғана жөндеді, оның да сапасы нашар. Колхозда 60 тырма бар еді. Олар қайда болса, сонда шөпшің жатыр. Тырманың 10 тауып алып, байқағанда олардың іске алғысыз екендігі көрінді. 5 тұқым сепкішпен екі дала қосып жөндеу ісі аяқсыз қалды. Осы сияқты 50 жарманың тек 20 ғана жөндеді.

Жұмыс малдары тұратын қораларды жөндеу жөнінде колхоз басшылары ештеңе ойламады. Өгіздер тұратын қоралар қыс бойына тазартылмады. Қораларда оттық жоқ. Мал азығы жерге салынады. Осының салдарынан малға салынған шешеннің ені тапталып қалады.

Жұмыс аттарының және өгіздердің күйі әлі күнге дейін жақсартылмай келеді. Демек олар күтімге қойылған жоқ.

Мұның сыры неде? Бұл—колхоз басшыларының егіске өзірлік жұмыстарын ұйымдастыруға жауапсыз қарағандығынан, колхозшылар арасында еңбек тәртібінің жолға қойылмауынан және аудандық жер бөлімінің егіске өзірлік жұмыстарына қолма-қол басшылық етпей, істің жайымен жергілікті жерде таныспағандығынан және жұмысқа мәліметке қарап баға бергендігінен болды.

Комиссия бұл аталған кемшіліктерді дереу жоюға бағытталған бірнеше шаралар белгілеген еді. Бірақ, колхоз басшылары ол шараларды жүзеге асыруда мұндай жұмыс істемей келеді. Сөйтіп, олар көктемгі егістің дер кезінде жоғары агротехникалық сапада өткізілмеу хауын тұғызып отыр.

М. ХОЛИН.

Міндеттемемізді аброймен орындаймыз

Куйбышев атындағы машина-трактор станциясының тракторшылары (Ленин ауданы) Ақмола облысындағы «Авангард» МТС тракторшылары мен комбайншылардың игілікті бастамасына іспен жауап беруде. МТС коллективі авангардшылардың үндеуін талқылағаннан кейін, республикамыздың 25 жылдығына лайықты тартулар өзірлеуде ынтылымықтарын білдіріп, трактор жөндеуді мерзімінен бұрын аяқтамақ. Ал 1 апрельге дейін барлық тіркесу саймандарын жөндеуді аяқтайды. Тракторшылар көктемгі дала жұмысындағы трактормен істелетін жұмыс жоспарын 15 процент асыра орындауға, мұнда агротехника шараларын мұлтіксіз жүзеге асыруға берік уәде берді. Быйыл 15 ат-

тың күші бар әрбір трактормен 520 гектар жер жұмыстамақ. Бұл—трактормен істелетін жұмыстардың жылдық жоспарының 1 октябрьге дейін орындалуын қамтамасыз етеді.

Егінді дер кезінде ысырапсыз жыйнап алу—комбайн паркін жөндеу жұмысын ойдағыдай аяқтауға байланысты. Сондықтан да комбайншылар комбайндарды жөндеу жұмысын 25 июльге дейін аяқтамақ болды.

—Біз міндеттемемізді аброймен орындап, Қызыл Армияның шабуыл ұрыстарын дамыта беруіне үзбей көмектесеміз,—дейді,—МТС коллективі.

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

Қысқы агротехникалық шаралардың орындалуы туралы

Облыстық жер бөлімінің 20 марттағы мәліметі (процент есебімен)

Аудандар	Көң тасу	күл өзірлеу	күс күйін жайлау	қар тоқтау
Будаев	50	60	60	85
Конюхов	27	28	33	58
Ленин	18	111	80	38
Мамлют	26	44	61	40
Октябрь	27	71	67	63
Петропавл	37	20	33	36
Полудень	67	22	27	70
Преснов	73	44	68	78
Приешім	32	50	67	64
Совет	42	46	60	69
Соколов	16	42	47	67

Облыс бойынша: 37 53 57 58

Өткен бес күндікте, яғни марттың 15-нен 20-на дейін агротехникалық шараларды қолдану жөнінде елеулі өзгеріс бол

ған жоқ. Конюхов, Ленин, Преснов және Соколов аудандарының колхоздарында бес күн ішінде бірде-бір центнер жергілікті тыңайтқыш өзірленбеді. Бұл аудандық жер бөлімінің меңгерушілері мен агрономдардың және осы аудандардағы колхоздардың председателдерінің жергілікті тыңайтқыштар өзірлеу жұмысын әлі де болса жете бағаламайтынын көрсетеді. Тіпті олар жергілікті тыңайтқыштар өзірлеуге асығатын емес, ал уақыт олардың ырғалып-жырғалуын күтпейді.

Сондықтан көктемгі егіс басталғанға дейінгі күндер қайткен күнде де көң тасу және жергілікті тыңайтқыштар өзірлеу тапсырмаларын мұлтіксіз орындауға пайдаланылатын болсын.

Радио және оны табушылар туралы еңбектер

А. С. Поповтың радионы тапқанына 50 жыл толуына байланысты, жуырда болатын мерекеге дайындалу ретінде Отанымыздың радиотехникасын өркендету туралы үш томдық еңбек басыла бастады. Осы кездің өзінде ССРО Ғылым Академиясы радионың шығуы алдындағы бұқылғаларға арналған алғашқы томды дайындады. Бұл баспаға берілді. Екінші томы жасалып жатыр, ол «радионы табушы» Александр Степанович Попов» деп аталады. Бұл кітапта толып жатқан документтер, оның ішінде радионы табу тарихын және оның орыс армиясы мен флотында қолданылу тарихын көрсететін бұрын белгісіз документтер бар. Бұл том радио мерекесі күніне—7 майға дейін басылып шығақшы. (ТАСС).

Таганрогтағы кислород заводы қалпына келтірілді

Таганрогта кислород заводы қалпына келтірілді. Кәсіп орнының қызметкерлері құрылысшылармен бірге аса күшті әуе компрессорын және екі қондырманы жаңадан жасап, пайдалануға берді.

Завод осы кездің өзінде кәсіп орындары, совхоздарды, МТС-тарды өз өнімімен жабдықтап жатыр. (ТАСС).

Туңғыш рет түсірілген үш түсті совет фильмі

ССРО Халық Комиссарлары Советінің жанындағы Кинематография істері Жөніндегі Комитетте туңғыш рет түсірілген үш түсті совет фильмі—«Орыс теңізшісі—Иван Никулинді» қарау жұмысы болып өтті. Бұған дейін үш түсті кинофильм жасап шығару тек ғана Америкада болған іс. Кино түсіру үшін қажетті барлық жабдықтар мен пленкалар совет фабрикаларында әзірленді.

(ТАСС).

Львовта трамвай жүрді

Львовта трамвай жүргізілді. Қаланың орталығын вокзалмен және шеттегі жерлермен байланыстыратын үш бағыттағы жолға 25 вагон шықты.

Львов трамвайшылары немістер қыратып кеткен өз шаруашылығын қайта туғызу үшін көп жұмыс істеді. 109 вагон, 70 километрден аса трамвай жолы қалпына келтірілді. (ТАСС).

Одақтастар әскерлері кең майданда Рейн өзенінен өтті

ЛОНДОН, 24 март. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, одақтастар әскерлері Рурдың солтүстік жағында кең майданда Рейн өзенінен өткен. Рейннің шығыс жақ жағалауына авиадесант армиясының алдыңғы бөлімдері де келіп түсті. Одақтастар авиациясы мен артиллериясы ұрыс қыймылдарына белсенділікпен жәрдемдесуде. Ұрыс қыймылдарына қатысып жүрген жер бетіндегі әскерлер фельдмаршал Монтгомеридің басқаруындағы 21-армиялық әскер тобының қатарына кіреді.

Шабуыл басталысымен-ақ, одақтастар авиациясы бұрын-соңды болып көрмеген тегеурінмен жауды үсті-үстіне бомбалады. Одақтастардың жер бетіндегі әскерлері де

сант кемелерімен Рейн арқылы өтуге тап берді. Оларды қалың қара түтін мен көптеген самолеттер бүркемеледі. Одақтастардың соғыс-теңіз флоты бұл жаппай шабуылда маңызды роль атқарды.

Фельдмаршал Монтгомеридің штабы, одақтастар әскерлерінің Везель, Реесса және Ксантен аудандарында Рейннен өткендігі ресми түрде жариялады.

Штаб хабары бойынша, ұрыс қыймылдары ерекше табыспен жүргізіліп жатқан көрінеді. Одақтастар әскерлерінің едәуір бөлігі және көптеген қару-жарақ қазірдің өзінде Рейннен өткізіліп болды. Өзеннің шығыс жақ жағалауында өткел аузында бекініс салынды.

Одақтастар авиациясының Рейннен өтуге қатысуы

ЛОНДОН, 25 март (ТАСС). Рейтер агенттігінің одақтастардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиясы штабының жаңындағы тілшісінің хабары бойынша, одақтастар авиациясы одақтастардың марттың 19-нан 24-не дейінгі бес күнді әуе шабуылы кезінде 55 мың самолетпен жорық жасап, 50 мың тонна бомба тастаған, сөй-

тіп германның 450 самолетін жойған және жаудың 400 самолетін зияндаған. Одақтастар авиациясының қыймыл жасалуы нәтижесінде жаудың 5766 машинасы, 14450 темір жол вагоны, 1005 паровозы жойылды, зияндалды және 1032 жерде дұшпанның темір жол табандары зияндалды.

Гитлершілдердің амал-айласы

Германиядағы тірі „мархұмдар“

ЛОНДОН, 24 март (ТАСС). «Ери Экспресс» газеті гитлершілдердің жаңа амал-айластары туралы хабар етті: олар қайтыс болыпты-мыс деп үшті-күйлі жөк болып кетуде. СС әскерлерінің полковнигі Олаф Фикерт өзінің өлгендігі туралы неміс газеттерінде хабар жариялады алайда ол бұдан төрт апта өткеннен кейін, Вильгельм Клейферт болып, Барселонаның басты көшелерінде серуендеп жүрді. Гитлершіл жастардың штаб бастығы Гельмут Меккель «жазатайым қайтыс болды» деп жарияланған болатын. Алайда бұдан соң ол Алькарес Серрано деген атақпен испанның фашистік студенттерін басқарып жүр

гендігі анықталды. Лея көмекшісі Роберт Лейтнер деген 26 январьда мемлекет есебінен «жерленді». «Жерлеу» кезінде нацистердің маңызды чиновниктері мен әскери чиндері болды делінген. Алайда сонынан Лейтнердің тірі екендігі және оның Георг Хауэр деген атақпен Германияда жүріп жатқандығы айқындалды. Әсешілер Карл Дуфайстың, Ганс Штейлеманның және Эрнест Фрихтің Германияда жүріп, «қаза тапқандығы» туралы да жарияланған болатын. Ал қазіргі күнде олардың өздеріне жалған ат қойып алып, Буэнос Айресте (Аргентинада) жүріп жатқандығы анықталды.

БЕРЛИНГЕ ШАБУЫЛ

ЛОНДОН, 25 март. (ТАСС). Ағылшын хабаршы министрлігінің хабары бойынша, 25 мартқа қараған түнде ағылшынның «Москито» бомбашылары Берлинге тағы да шабуыл жасаған.

Одақтастар авиациясының қыймылы

ЛОНДОН, 24 март. (ТАСС). 23 мартта Американың 1250ден аса ауыр бомбашыларының 350 истребительді ертіп шығып, Рур облысындағы теміржол деполарына шабуыл жасағандығын рейтер агенттігі хабар етті.

Ағылшын авиация министрлігінің хабары бойынша, 10 тонналық жаңа бомбалармен және басқа ауыр бомбалармен жабдықталған «Ланкастер» бомбашылары Бремендегі теміржол көпіріне шабуыл жасаған.

ШЕТЕЛ ХАБАРЫ

Парламенттің Социалистер партиясынан ұсынылған көрнекті 400 мүшесі, сол сияқты Мунципалитет қызметшілері мен Аргентинаның кәсіпшілік одақтарының мүшелері арқылы халықтың барлық демократиялық күштерін Аргентинада демократиялық стройды қалпына келтіруге шақырды.

Ағылшынның Ирактағы бұрынғы елшісі Корнауоллис Ирак регентіне, оның АҚШ-тан қайтып бара жатқан жолында ағылшын корольіне және оның әйеліне жолығуын өтініп, шақыру жіберді.

Египеттің Сауда Аравиясының, Сирияның, Ливанның, Ирактың және Транспортиданның өкілдері Каирда Аравия елдері Лигиясының уставына қол қойды.

Қанішерлер сазайын тартты

1944 жылы 14 жасар Михайл Носов Петропавлда ұрлық іспен, бұл қылмысы үшін бір жыл тұтқын жазасына кесілген еді.

Носов 1944 жылы Қызыл Армия қатарынан келдім деген сылтаумен Петропавл қаласына келіп, Васили Мещеряков, атанып, жасырынып жүреді. Мещеряков—Носов өзінің қалада тұрған анасы болса тұрсада, Елизавета Абатурова дегеннің үйіне пәтерге орналасады. Ал Абатурованың баласы Владислав Носовтың ескі досы болып шығады.

Носов еңбек еткісі келмей келген бетте өмір сүрудің ең оңай жолына түседі. Ол бір пар пима және 300 сом ақшаға бола 1945 жылғы 18 январьда азамат Ыбраевты өлтіреді. Қанішер мұнымен тынбай, адам қанына жері түседі. Үш күннен кейін, Носов таптал түсте Полудень қара жолының үстінде келе жатқан мал дайындау конторының мал дәргері Сухачевты атып өлтіреді. Қан ішкіп айуан мұнымен тынбайды. 26 январьда күндіз дәл осы жерде, қаладан 3 шақырым жерде келе жатқан азамат Иванов қанішер Носовтың қолынан қаза табады.

Қанішер Носов 31 январь күні тағы «жолға» шықты. Бұл күні пистолеттен оқ атып, қалалық отын дайындау мекемесінің жұмысшысы Герасименконың түбіне жетеді. Сөйтіп, оның барлық киімін тонап алып, өгіздерін пәтеріне алып келеді.

Адамгершілік ардан жұрдай болған Абатуровтар қанішердің барлық әрекетіне көмектесіп, оны дамытуына жол ашады. Олар Носовты жазалаудан аман алып қалуға тырысты және Носовтың әкелген барлық заттарын орналастырып отырды. Герасименконың шаңасы мен жармасы отқа жағылып, өгіздері сойылады да, оның еті Абатурова арқылы базарда сатылады.

Носов—Мещеряков міне осы сияқты бірнеше жантүршігерлік қылмыстар жасайды.

Қан ішерлердің бұл қылмысы әшкере-ленді. Олар советтің әділ сотынан құтылып кете алмады. Олар істеген қылмыстары үшін сазайын тартты.

Носов—Мещеряков ең ауыр жаза атылу жазасына кесілді. Ал Абатуровтарды 10 жыл бойына бас бостандығынан айыру, 5 жыл сайлау және сайлау нұр сатын жою және мал мүлкін конфискалау жөнінде үкім шығарылды.

Жауапты редактордың орынбасары
Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Петропавл қаласын көң-қоқырдан тазалау және қалада іш ауруына қарсы күрес жүргізу жөніндегі шәралар туралы

Еңбекшілер депутаттары Петропавл қалалық советінің міндетті қарары

Қора-қобсының, үйлердің, дәретханалардың, жуынды-шайынды төгілетін орлардың, жатақ-ханалардың, фабрикалар мен заводтардың, сауда орындарының, көпшілік тамақтандыру орындарының маңайында көң-қоқырдан тазарту және қалада іш ауруының етек алуынан алдын ала сақтану мақсатымен қалалық советтің атқару комитеті қаулы етеді:

1. Қаланы көң-қоқырдан тазарту жөнінде осы жылғы 1 апрельден 1 майға дейін айлық өткізілсін.

2. Қаланы көң-қоқырдан тазарту және іш ауруына қарсы күрес жүргізу жұмыстарының шаралары бекітілсін.

3. Айдақты өткізу ісіне нақтылы басшылық жасау үшін қалалық, сол сияқты аудандық атқару комитеттері жадынан, ірі өнер кәсіп орындарында, денсаулық сақтау бөлімдерінде үй шаруашылығы басқармасында арнаулы топтар құрылып, олардың составына аудандық совет атқомінің председателі, денсаулық сақтау бөлімінің өкілі және милиция орынының өкілі енгізілсін.

4. Барлық мекемелер мен ұйымдардың басшылары, үй жалдаушылар мен үй иеле

рі барлық үйлерді, кәсіп орындарын, мекемелерді, жатақ үйлерді, дәретханаларды, жуынды-шайынды төгілетін ұраларды, қораларды, көшелерді, алаңдарды, базар алаңдарын, станцияны, мектептерді көрсетілген айлық ішінде толық тазартуға міндеттелсін.

Қоралар, көшелер, алаңдар мен станция жолдары үнемі сыпырылып, бұлар көң-қоқырдан тазартылатын болсын. Өнеркәсіп орындарының, мекемелердің басшылары, үй жалдаушылар және үй иелері көң-қоқырды тазарту ісін жұмысшылар мен қызметкерлерді және үй жалдап тұрушыларды қатыстырып, өз есебіне жүргізуге міндеттелсін. Көң-қоқырларды далаға тасу ісіне заводтар мен мекемелердің жұмыс малдары және автомашиналарды, сол сияқты қол кұралдары (ат, шана, арба) қатыстырылсын.

5. Дәретханаларды, көң-қоқыр төгетін ұраларды, үй төбелерін қардан тазарту және көң-қоқырды далаға тасу ісі осы жылдың бірінші апреліне дейін жүргізілсін.

6. Әрбір үйде, жатақханаларда, көпшілік тамақтандыру мекемелеріндегі жуынды-шайынды төгілетін орлар мен көң-қоқыр

салынатын жәшіктер жабдықталатын болсын. Барлық мекемелерге, өнеркәсіп орындарына, оқу орындарына, сауда орындарына, көпшілік тамақтандыру орындарына өздерінің үйі орналасқан жерден жуынды-шайынды төгетін ұралар жасау, оларды күн сайын тазартып отыру тапсырылсын.

Көң-қоқырды далаға тасуға мүмкіншілік болған жағдайда, олар денсаулық сақтау бөлімінің рұқсаты бойынша огород алаңдарына тынайтын ретінде қолданылсын.

Шірімейтін қоқыр-соқырлар (қағаз, сүйек, темір, шүберек, резенке) өнеркәсіп орындарында шикі зат есебінде пайдаланылатын болғандықтан олар шикі зат ретінде тиісті орындарға тапсырылсын.

7. Көнді тезекке пайдалану қалалық тазалық сақтау инспекциясы мен денсаулық бөлімінің рұқсаты бойынша ғана жүргізілсін.

8. Көң-қоқырларды далаға тасу ісіне мекемелер мен өнеркәсіп орындарының тасымал күйштері пайдаланылсын. Тасымал күйштерін ұйымдастырып шығару аудандық совет атқоміріне тапсырылсын.

9. Айлық кезінде, яғни 1 апрельден 1 майға дейін жеке адамдардың көлік күші

Киім тоқушылар артеліне түпкілікті жұмысқа жұмысшылар, үйренушілер, шенбер жұмысшылар, күзетшілер және үйге жұмыс алып істеушілер керек.

Адрес: Володаров көшесі, 78-үй. Қызмет уақытында келіп жолығуға болады.

далаға қоқыр-соқыр тасуға пайдаланылсын.

10. Аты немесе өгізі бар адамдар осы жылдың 1 апрелінен бастап, таңертеңгі сағат 8-де аудандық совет атқомірінен жұмысқа жолдама алады, ал кешкі сағат 8-де аудандық совет атқару комитеті берілген тапсырманың орындалуы жайында куәлік береді.

11. Өзінің су түтігі бар өнеркәсіп орындары алынған судың дәріленуін қамтамасыз етуге тиіс.

12. Бұл қаулының орындалуын бақылау қалалық үй шаруашылығының басқармасына, қалалық тазалық сақтау инспекциясына, аудандық совет атқоміріне және милиция орындарына жүктеледі. Бұл қаулыны орындамаған айыптыларға 100 сомға дейін айып салынады; немесе олар 1 айға дейін тегін жұмыс істеуге жіберіледі.

13. Бұл қаулы Петропавл қаласында 1 жылдық мерзімге дейін күшінде болады.

Қалалық совет атқомінің председателі
В. ПОРФИРЬЕВ.

Қалалық совет атқомінің жауапты секретарі.

А. БАРХАТОВА.

Жыйнақ кассасы жыйнақ кассаларының системасына жататын барлық жұмыстарды атқарады. Аудандық жыйнақ кассасы таңертеңгі сағат 9-дан бастап, кешкі сағат 6-ға дейін жұмыс істейді.

Петропавл селендік ауданының № 7146 жыйнақ кассасы.